

"2009 жылға арналған Риддер қаласы бойынша төлемақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 1302 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 10 қыркүйектегі N 119 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 қыркүйекте N 5-4-118 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Риддер қаласы әкімі аппаратының 2010 жылғы 11 маусымдағы № 2-22-3773 хаты

Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - (Риддер қаласы әкімі аппаратының 2010.06.11 № 2-22-3773 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабы 5) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабы 1 тармағы 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралары туралы» 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысы, халықты жұмыспен қамту саясаты жұмыстарын қарқынды жүргізу мақсатында, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 1302 «2009 жылға Риддер қаласы бойынша төлемақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін (нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде 2009 жылдың 17 ақпанында № 5-4-108 тіркелген, 2009 жылдың 06 наурызында № 10 «Вечерка» газетінде жарияланған):

осы қаулының № 1 қосымшасында көрсетілген Риддер қаласы бойынша 2009 жылғы қосымша төлемақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар, мекемелер, акционерлік қоғамдар, бірлестіктер және жауапкершіліктері шектеулі серіктестіктердің қосымша тізімдемесі толықтырылсын (№ 1 қосымша);

№ 1 қосымшада көрсетілген ескертулер мынандай сөздермен толықтырылсын : “Ағымдағы қаржы жылы ішінде төлемақылы қоғамдық жұмыстарға жіберілген

қатысушылардың саны, еңбекті төлеудің мөлшерінің өзгеруі, қаржыландырудың сомасына байланысты жұмыс берушілердің ұсынған өтініштеріне қарай реттелуі мүмкін.

осы қаулының № 3 қосымшасында көрсетілген Риддер қаласы бойынша 2009 жылғы төлемақылы қоғамдық жұмыстардың шарттары және көлемінің қосымша тізімі енгізілсін (№ 3 қосымша).

2. Қаулының орындалуын қадағалау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Р.В. Дюсбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы мемлекеттік тіркеу күнінен кейін күшіне енеді, оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 01 тамызынан бастап пайда болған қатынастарға тарайды.

Риддер қаласының әкімі *Е.Б. Сәлімов*
2009 жылғы 10 қыркүйектегі № 119
Риддер қаласы әкімдігінің
қаулысына № 1 қосымша

2009 жылғы Риддер қаласы бойынша төлемақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар, мекемелер, акционерлік қоғамдар, қоғамдық бірлестіктер және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қосымша тізімі

№ р/р	Жұмыс берушінің атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қатысушылар саны		Қаржыландыру көздері		Еңбек ақы мөлшері
			барлық адам	соның ішінде ауыл	Бюджет	жұмыс беруші	
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар бойынша Министрлігі Шығыс-Қазақстан облысының төтенше жағдайлар бойынша департаменті Риддер қаласының төтенше жағдайлар бойынша басқармасы	қаулыға № 2, 3 қосымша	2		15661-00		15661-00

2	"Оқушылар мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорын" үйі"	қаулыға № 2, 3 қосымша	3		15661-00		15661-00
3	Шығыс-Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Риддер қалалық аурухана" коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорын	қаулыға № 2, 3 қосымша	2		15661-00		15661-00
	Барлығы		7				

Риддер қаласы әкімі
аппаратының жетекшісі **Е.А. Сембинов**

2009 жылғы 10 қыркүйектегі № 119
Риддер қаласы әкімдігінің
қаулысына № 3 қосымша

2009 жылға Риддер қаласы бойынша төлемақылы қоғамдық жұмыстардың шарттары мен көлемінің қосымша тізімі

1. Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар бойынша Министрлігі Шығыс-Қазақстан облысының төтенше жағдайлар бойынша департаменті Риддер қаласының төтенше жағдайлар бойынша басқармасы.

Жұмыс шарты:
Жұмыс күнделікті сағат 9-00 ден 18-00 ге дейін.
Жұмыс аптасының жалғасуы – 5 күн.
Жұмыстың көлемі мен түрлері:
құжаттармен жұмыс;
мұрағатпен жұмыс;
қатынас қағаздарды жеткізу бойынша жұмыс;
тиесілі аумақты санитарлы жинау және көгалдандыру, көріктендіру бойынша
жұмыс.

2. "Оқушылар үйі" мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорын.
Жұмыс шарты:
Жұмыстар кезекті жұмыс кестесі бойынша жүргізіледі.
Жұмыстың көлемі мен түрлері:
ат қора ғимаратын күзету және қызмет көрсету бойынша жұмыс.

3. Шығыс-Қазақстан облыстық әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «

Риддер қалалық аурухана» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

Жұмыс шарты:

Жұмыс күнделікті сағат 8-00 ден 17-00–ге дейін.

Жұмыс аптасының жалғасуы – 5 күн.

Жұмыстың көлемі мен түрлері:

тиесілі аумақты санитарлы жинау және көгалдандыру, көріктендіру бойынша жұмыс.

Риддер қаласы әкімі
аппаратының жетекшісі *Е.А. Сембинов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК